



Маңғыстау ауданының ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ

Маңғыстау ауданы Маңғыстау облысының орталығында орналасқан әкімшілік бөлік. Солтүстігінде Бейнеу, батысында Түпқараған ауданы, Ақтау қалалық әкімдігі, оңтүстігінде Қарақия ауданы, шығысында Өзбекстанның Қарақалпақстан республикасымен шектеседі.

1928 жылы құрылған. Аудан орталығы - Шетпе ауылы. Ақтаудан Шетпеге дейінгі ара қашықтық—159 км., аудан көлемі 47,9 мың шаршы км. тең.

Табиғаты

Климаты континенттік және қуаң. Қысы біршама суық. Ауаның орташа температурасы қаңтарда -4°C , маусымда 25°C . Жылдық жауын-шашынның орташа мөлшері 150 мм. Сор, сортаң сұр және құмдардан тұратын топырақ жамылғысы таралған. Аудан аумағында 50-ден астам құдық пен бұлақ бар (қ. Маңғыстау құдықтары). Жусан, сортаң, бұйырғын, еркекшөп, ебелек, жантақ өседі. Жануарлардан қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, қарақұйрық, ақбөкен, арқар, күзен, қасқалдақ, дуадақ, жыландар, т.б. кездеседі.

Халқы

Халық сирек қоныстанған. Әр 1 км² жерге орта есеппен 6,0 адам, ал шығысында 0,6 адам. Ірі елді мекендері: Шетпе, Тұщықұдық, Жыңғылды, Үштаған, Ақшымырау, Жармыш, Өтес, Оңды, Шайыр, Қызан.

2016 жылдың 1 қаңтарына ауданның халық саны 35200 адам.

Этнос	Саны, адам	Пайыздық үлесі, %
Қазақтар	35 682	99,21
Орыстар	106	0,29
Өзбектер	87	0,24
басқа этностар	88	0,26

Аудан орталығы Шетпе кенті

Шетпе — Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданындағы ауыл, аудан және өзімен аттас кенттік округтің орталығы, темір жол станциясы.

Облыс орталығы Ақтау қаласынан солтүстік шығысқа қарай 96 км жерде, Маңғыстау түбегіндегі Батыс Қаратау мен Шығыс Қаратау жоталары арасында орналасқан.

1999 жылы ауылда 10237 адам (5095 ер және 5142 әйел адам) тұрған болса, 2009 жылғы санақ қорытындысы бойынша ауылда 13364 адам (8144 ер және 6079 әйел адам) тұрады.

Шетпе ауылының негізгі экологиялық проблемалары:

1. Шетпе ауылынан цемент шығаратын зауыты зияны.
2. Шетпе ауылын жасыл желекке орау.
3. Ауылдағы түйе сүтінің сапасының өзгеруі.



Қазір Шетпедегі «Каспий Цемент» зауытының өнімдеріне сұраныс артып отыр. Жалпы бұл жобаны жүзеге асырумен әлемнің 40-тан астам елдерінде зауыттары мен кәсіпорындары бар HeidelbergCement компаниясы айналысты. Құрылыстың бас мердігері және жабдықтар жеткізуші қытайлық SINOMA концерніне кіретін CDI компаниясы болды. Аты-шулы бұл шетелдік компаниялардың Қазақстанда жасалатын өнімге қызығушылықтары тегін емес. Олар пайда түсетін жерді ғана сағалайды. Бұл-әрбірден соң нарықтың заңы. Шетпеліктер де ештеңеден ұтылмайтындықтарына сенімді. Осы зауыттың құрылысының жобасы батыс аймақтағы бірден-бір ірі цемент зауыты ретінде Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына кірді.

Жаңа зауыттың негізгі өнімі – цемент құрғақ тәсілмен, озық экологиялық жағынан таза және энергия үнемдейтін технологиямен шығарылатын болады. Ол – әлемдегі алғашқы отқа төзімді, су сіңірмейтін клинкер шығаратын әлемдегі алғашқы зауыттардың бірі. Бұл – ашығын айтқанда, цемент өнеркәсібін дамытудағы жаңа қадам болып табылады.

– Зауытта осы аймақтағы Шетпе-Оңтүстік және Аусар кеніштерінің шикізаттары кеңінен пайдаланылады. Өндірісте арнайы оқудан өткен 400-ге жуық жергілікті тұрғындар жұмысқа орналасты. Бұл мемлекетіміздің жергілікті үлесті ұлғайту саясатына дөп келеді. Энергияны аз тұтынатын цемент өндірісі қоршаған ортаға елеулі зиянын тигізбейді. «Каспий Цемент» өңір экономикасын әртараптандыруға өз үлесін қосатынына сенімдімін», – деген болатын зауытты іске қосу сәтінде Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев.



«Каспий Цемент» зауыты – индустрияландыру бағдарламасының көмегімен салынған. Бүгінде жемісті еңбек етіп келе жатқан еліміздегі ең ірі цемент зауыты жылына 800 мың тонна цемент шығаруға қауқарлы.

Зауыт шикізатты қазу үшін үш аумақты тандап алған. Олар: топырақ алуға – Аусар карьері, құм алуға – Шақырған карьері, бор алуға – Оңтүстік Шетпе карьері. Бұлардың әрқайсысының технологиялық ерекшеліктері мен өндіріс көлемі әрқилы.

Бұл зауыттың қазырғы таңда көп деген ауаға шаң мен зиянды қалдықтар бөлуде. Бұл сол ауылдың халқының денсаулығына кері әсерін тигізуде. Ол жерде күндізгі күннің өзінде дала тұман шаңға ұқсап тұрады. Онымен бірге бір ақ жейде іліп қойса, оның өзі қарайып шығады екен.



Шетпе ауылының топырағы құнарсыз, климаты құрғақ аймақ. Бұл жерге өсімдік отырғызу үшін ең алдымен жерді құнарландыру керек. Ол үшін жерді қазып түрлі тыңайтқыштармен өңдеу керек. Ең бірінші шөлге төзімді өсімдіктер отырғызып, одан кейін олардың санын көбейту. Өсірген өсімдіктерді ауылдың мал шаруашылығындағы жануарлардан қорғау керек.

Жыл сайын көктем мезгілінде Қытай елі ағаш егу мерекесін атап өтеді. Бұл мереке Қытай және Тайвань елдерінде мемлекеттік мәртебеге ие. Ұлы төңкерісші, қоғам қайраткері Сунь Ятсеннің (Sun Yat-sen) дүниесалған күнінде, яғни 12 наурызда елдің бар аймақтарында ағаш отырғызылады. Бізге де осындай жобаларды қолға алу керек.



- Өзгермеген нәрсе болса, ол түйелер. Ұзын сирақ жануар күнұзын өріс қуып, тісіне ілінгенді талғажау етіп жүріп-ақ кешке желінін толтырып оралады. Ақ білегін сыбанған бәйбішелер күрпітіп тұрып сауып алады. Сонан соң анадан алған үлгімен, енеден көрген жолмен сауған сүтін ұқсатудың қамына кіріседі. Шіркін, түйе сүті дегенің әрі сусын, әрі азық, құдайдың бере салған мол ризық несібесі ғой. Сүтін шайға қатсаң алтындай реңк беріп, ішкен үстіне іше түскің келеді. Шикілей ішсең тәнге қуат дәрумен. Пісіріп, қайнатып, баптаса балқаймақ болып бойыңды балқытады, ірімшік болып тіл үйіреді, үгітілген майлы құртқа айналып таңдайыңа татиды. Ашытып, бабына келтірсе құрсағыңды қытықтап, көңіліңді шалқытатын, жан сарайыңды сергітетін ғажап сусынға – ақ шұбатқа айналады. Бір түйенің нәрінен дастарқанға қаншама жеңсік ас, шипалы дәм қойылады десеңізші! Күні кешеге дейін тұтынатын азық-түлігінің тоқсан пайызын сырттан тасымалдап келген елде заманнан заман озса да қадірі қашпай, бәсі кемімей келе жатқандығының басты сырын да түйенің еті мен жүнін былай қойғанда жалғыз сүтінің қоректік қасиетінің сан алуандығынан іздеген жөн.



Мыңдаған жылдардан бері дертке дауа, бойға қуат болған шұбат шынымен денсаулыққа зиян ба? Маңғыстаулық экологтар чехиялық сарапшылармен бірлесіп, шұбаттың құрамынан адам денсаулығына зиянды токсиндер анықтағанын айтады.

Маңғыстау облысында үш жыл қатарынан «Эко Маңғыстау» үкіметтік емес ұйымы Қарағанды облыстық экологиялық музейі және Чех Республикасының «Арника» экологиялық ұйымымен бірлесіп, «Экологиялық таза технологияны ендіру» бағдарламасы бойынша зерттеулер жүргізген. Аталған ҮЕҰ жетекшісі Кирилл Осин сол бағдарламаның бір бағыты экологияның Маңғыстау облысындағы тағам өндірісіне, ет пен сүтке әсерін зерттеу болғанын жеткізді.



«Біз Маңғыстау жұрты кеңінен тұтынатын шұбат пен түйе сүтін зерттеуді қолға алдық. 2015-2016 жылдар аралығында Шетпе, Жармыш, Басқұдық, Ақтау, Құрық, Ақшұқыр, Таушық, Қызыл-төбе сынды елді мекендердегі түйе сүті мен шұбаттан сынамалар алып, зерттеуге жібердік. Зерттеуге бір ғана емес, 200-ге жуық түйеден сүт алынды. Сынама Чех республикасына жолданып, қосымша Нидерландыдағы зертханаға жіберілді. Екі зертхана қорытындысы бойынша, түйе сүті мен шұбаттан мырыш құрамының артық екені анықталды. Ол ағзаға әсер етіп, қаназдық ауруына шалдықтырады. Сонымен қатар, полихлорланған дифенилдер де табылды. Бұл элемент адам ағзасында көп жиналатын болса, қатерлі ісік ауруына шалдықтырады», - дейді Кирилл Осин.

Шұбат адам ағзасын емдемесе, зиянын тигізбейді. Жалпы шұбат атауының мұнда жазығы жоқ. Осыны ұмытпау керек. Бірақ, «Эко Маңғыстау» зерттеуі түйлердің ластанған аумақтарда жайылғанын, соның кесірінен шұбат пен сүт құрамында токсиндер бары анықталғанын айтып отыр. Мен ол зерттеумен таныс емеспін. Бірақ, айтарым, экологияның ластануы, тұщы су қорының аздығы, жайылымды жерлердің тозуы түйе сүтіне әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан, бірінші кезекте, экологиялық мәселеге тезірек көңіл аудару керек. Ал шұбатпен талай ауруды жазуға болатынын білесіздер. Сондықтан, ұлттық сусынымыз бен түйені жазғырудың қажеті жоқ. Аллергияға қарсы ем осы түйе сүті екені қазір дәлелденіп жатыр